	<p>«М. Қозыбаев атындағы СҚУ» КеАҚ НАО «СКУ им. М. Козыбаева»</p>	<p>СҚУ ДК 33 СД СКУ 33</p>	<p>Басылым: бірінші Издание: первое</p>	<p>4 беттің 1 беті Стр. 1 из 4</p>
---	--	---	--	---


БЕКІТІЛДІ
«М. Қозыбаев атындағы
Солтүстік Қазақстан
университеті» КеАҚ
Директорлар кеңесінің
шешімімен
(2026 жылғы 27 наурыздағы
№ 3 хаттама)



Директорлар кеңесі мүшелерінің кәсіби даму БАҒДАРЛАМАСЫ
«М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. «М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің кәсіби даму бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Директорлар кеңесінің тиімді қызметін қамтамасыз ету, оның мүшелерінің кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыру, сондай-ақ корпоративтік басқарудың үздік тәжірибелерін енгізу және дамыту мақсатында әзірленді.
2. Бағдарлама «М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ (бұдан әрі – Қоғам) Директорлар кеңесі мүшелерінің өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезеңінде кәсіби дамуын ұйымдастырудың негізгі тәсілдерін айқындайды және Директорлар кеңесінің Қоғамның атқарушы органының қызметіне стратегиялық басшылық жасау және бақылау функцияларын жүзеге асыруы үшін қажетті құзыреттерді қолдауға және дамытуға бағытталған.
3. Осы Бағдарлама Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қоғамның Жарғысына, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің бұйрығымен бекітілген «М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ Корпоративтік басқару кодексіне (бұдан әрі – Кодекс), сондай-ақ Қоғамның өзге де ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.
4. Директорлар кеңесі мүшелерінің кәсіби дамуы тұрақты негізде жүзеге асырылады және негізделген әрі салмақты басқарушылық шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін қажетті білім мен құзыреттер деңгейін қолдауға бағытталған.
5. Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметіне қатысты барлық мәселелер алдын ала Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитетте қаралуға тиіс, оның құзыретіне Кодекске сәйкес Қоғамның директорлар кеңесі арқылы белгіленген тәртіппен Директорлар кеңесінің толық

	«М. Қозыбаев атындағы СҚУ» КеАҚ НАО «СҚУ им. М. Қозыбаева»	СҚУ ДК 33 СД СҚУ 33	Басылым: бірінші Издание: первое	4 беттің 2 беті Стр. 2 из 4
---	---	------------------------	-------------------------------------	--------------------------------

құрамын немесе жекелеген мүшелерін сайлау мәселесін бастамашылық ету де кіреді.

6. Жаңадан сайланған Директорлар кеңесінің мүшелерін қызметке енгізу Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін Директорлар кеңесі мүшелерін қызметке енгізу жөніндегі жеке Бағдарламаға сәйкес жүзеге асырылады.

2. БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

7. Осы Бағдарламаның мақсаты Директорлар кеңесінің мүшелерінің Қоғам қызметіне стратегиялық басқару және бақылау функцияларын тиімді жүзеге асыру үшін қажетті кәсіби құзыреттерінің жүйелі және үздіксіз дамуын қамтамасыз ету.
8. Бағдарламаны іске асыру келесі міндеттерді шешуге бағытталған:
 - Директорлар кеңесі мүшелерінің корпоративтік басқару, Қазақстан Республикасының заңнамасы және халықаралық басқару стандарттары саласындағы білімдерін жаңарту;
 - Директорлар кеңесі мүшелерінің стратегиялық басқару, қаржылық талдау, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау мәселелері бойынша құзыреттерін дамыту;
 - Қоғам қызметіне әсер ететін салалық үрдістер мен факторларды жүйелі түрде түсінуді қалыптастыру;
 - Директорлар кеңесі мүшелерінің кәсіби дағдыларын дамыту арқылы оның қызметінің тиімділігін арттыру.

3. КӘСІБИ ДАМУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ

9. Директорлар кеңесі мүшелерінің кәсіби дамуы келесі қағидаттар негізінде жүзеге асырылады:
 - жүйелілік** – Директорлар кеңесі мүшелерінің құзыреттерін дамыту жоспарлы және тұрақты негізде жүзеге асырылады;
 - үздіксіздік** – Директорлар кеңесі мүшелерінің оқуы мен біліктілігін арттыру олардың өкілеттіктерін жүзеге асырудың бүкіл кезеңі ішінде жүргізіледі;
 - тәжірибелік бағыттылық** – кәсіби даму іс-шаралары Директорлар кеңесінің функцияларын тиімді жүзеге асыру үшін қажетті білім мен дағдыларды алуға бағытталған;
 - Директорлар кеңесінің қажеттіліктерін ескеру** – кәсіби дамуды жоспарлау Директорлар кеңесі мүшелерінің құзыреттері мен Қоғамның қажеттіліктерін ескере отырып жүзеге асырылады.
10. Директорлар кеңесі мүшелерінің кәсіби дамуына деген қажеттілік Директорлар кеңесінің және оның мүшелерінің қызметін жыл сайынғы бағалау нәтижелері бойынша айқындалады.



4. КӘСІБИ ДАМУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ МЕН НЫСАНДАРЫ

11. Директорлар кеңесі мүшелерінің кәсіби дамуы Директорлар кеңесінің функцияларын тиімді жүзеге асыру үшін негізгі мәнге ие келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:
- корпоративтік басқару, оның ішінде корпоративтік басқарудың халықаралық стандарттары мен үздік тәжірибелері, Директорлар кеңесі мүшелерінің рөлі мен жауапкершілігі, сондай-ақ Қоғамның басқару органдарының өзара іс-қимылы туралы білімдерді дамыту.
 - стратегиялық басқару, оның ішінде инвестициялық жобаларды басқару және инновациялық қызметті дамыту;
 - қаржылық басқару, оның ішінде қаржылық есептілікті талдау, қаржылық жоспарлау, инвестициялық шешімдерді бағалау және сыртқы аудиторлармен өзара іс-қимыл;
 - тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау, оның ішінде Қоғам қызметінің негізгі тәуекелдерін жүйелі түсінуді қалыптастыру, оларды басқару тетіктері және ішкі бақылау жүйесінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етудегі Директорлар кеңесінің рөлі;
 - тұрақты даму, әлеуметтік жауапкершілік және ұйымдарды басқарудың заманауи тәсілдерін енгізу мәселелері;
 - сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және мүдделер қақтығысын басқару;
 - салалық үрдістер мен заманауи сын-қатерлер, оның ішінде цифрландыру, ғылым мен білім беруді дамыту, сондай-ақ нормативтік-құқықтық ортаның өзгерістері Қоғам қызметіне әсер ететін мәселелер.
12. Осы Бағдарламаны іске асыру кәсіби оқыту мен тәжірибе алмасудың әртүрлі нысандарында жүзеге асырылуы мүмкін:
- білім беру ұйымдары, корпоративтік басқарудың халықаралық институттары және кәсіби қауымдастықтар өткізетін біліктілікті арттыру курстарына, мамандандырылған білім беру бағдарламаларына, семинарларға, тренингтерге және өзге де оқыту іс-шараларына қатысу;
 - Қоғамды дамытудағы негізгі мәселелерді талқылауға арналған стратегиялық сессияларға қатысу, сондай-ақ корпоративтік басқару және стратегиялық даму мәселелері бойынша оқыту іс-шараларын өткізу үшін сыртқы сарапшыларды тарту;
 - Қоғам немесе Директорлар кеңесі тарапынан Директорлар кеңесі қызметінің жекелеген аспектілеріне арналған тақырыптық оқыту іс-шараларын өткізу.



5. БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУ ЖӘНЕ МОНИТОРИНГ

13. Осы Бағдарламаны іске асыруды ұйымдастыру Қоғамның корпоративтік хатшысы арқылы жүзеге асырылады.
14. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі мүшелерінің кәсіби дамуы жөніндегі іс-шараларды жоспарлауды қамтамасыз етеді, оқыту іс-шараларын өткізуді үйлестіреді, сондай-ақ білім беру және сараптамалық ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асырады.
15. Директорлар кеңесі мүшелерінің құзыреттерін жүйелі дамыту мақсатында Корпоративтік хатшы жеке қажеттіліктерді ескере отырып, Директорлар кеңесі мүшелерін оқытудың жыл сайынғы бағдарламасын қалыптастырады және оны Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеттің төрағасына және Директорлар кеңесінің төрағасына қарауға ұсынады, мынадайларды ескере отырып:
 - Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігін бағалау нәтижелерін;
 - заңнамадағы және корпоративтік басқару тәжірибесіндегі өзгерістерді;
 - Қоғам қызметі саласындағы өзекті үрдістерді.
16. Қоғам қаражаты есебінен Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыру кемінде екі жылда бір рет жүргізіледі. Біліктілікті арттыруға арналған қаражат көлемі Қоғамның даму жоспарында айқындалады.
17. Корпоративтік хатшы осы Бағдарламаның іске асырылуына мониторинг жүргізеді және Директорлар кеңесі мүшелерінің кәсіби даму іс-шараларына қатысуын есепке алуды қамтамасыз етеді.
18. Бағдарламаны іске асыру және Директорлар кеңесі мүшелерін оқыту жөніндегі іс-шаралар туралы ақпарат Директорлар кеңесінің есебіне енгізілуі мүмкін.

6. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

19. Бағдарламаны бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу Директорлар кеңесінің құзыретіне жатады және Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеттің алдын ала қаралуын ескере отырып жүзеге асырылады.